

Ж.Е. Турекулова<sup>1</sup>, М.У. Жұмабеков<sup>2</sup>  
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан  
(E-mail: <sup>1</sup>turekulova74@mail.ru, <sup>2</sup>jumabek777@mail.ru)

## XIX ғасырдағы Мысыр қалаларының даму тарихы

**Аңдатпа.** Замануи араб елдерінің ішіндегі көшбасшы мемлекет болып саналатын Мысырдың даму кезеңдеріне арналған тарихи-мәдени зерттеулерде, елдің саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуы, әдебиеті және діни қозғалыстары зерттеушілердің басты назарында болып келеді. Дегенмен, Мысырдағы урбандалу үдерісіне, қалалардың даму ерекшеліктері мен кезеңдеріне қатысты мәселелер ғылыми көзқарастарды және зерттеулерді қажет ететін тың тақырып. Осы орайда, ұсынылып отырған мақалада, XIX ғасырда Мысыр қалаларының даму үрдісі және елдің әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени дамуындағы ықпалы қарастырылады. XIX ғасырдағы Мысырдағы урбандалу үдерісі Мұхаммед Али<sup>1</sup> жүргізген реформалардан, Суэц каналының құрылысынан бастау алады.

Ұсынылып отырған мақалада Суэц каналының құрылысы мен Мұхаммед Әлиден бастау алып, оның мұрагерлері жалғастырған елдегі еуропаландыру үдерісінің арасындағы тікелей байланыс қарастырылады. Мысыр еліндегі модернизациялық үдеріс нәтижесінде және Суэц каналының құрылысының шеңберінде, еуропалық үлгіде салынған ірі қалалардың құрылысына талдау жасалынады.

**Түйін сөздер:** Мысыр, XIX ғасыр, модернизация, урбандалу, Суэц каналы, әлеуметтік-экономикалық даму, көші-қон үрдісі, демография.

DOI: 10.32523/2616-7255-2020-131-2-77-84

Ұсынылып отырған мақаланың басты мақсаты – XIX ғасырдағы Мысырдағы әскери-саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени-модернизациялық бетбұрыстары аясында, Каир және Александрия қалаларындағы өзгерістер, Суэц каналы Жобасының шеңберінде құрылған Порт-Саид, Исмаилия және Суэц қалаларының даму тарихын зерделеу.

Мысырға қатысты батысеуропалық, ресейлік, азиялық зерттеушілердің еңбектерін талдаудан өткізу арқылы, аталған мәселенің жеткілікті түрде зерттелмегенін алға тартуға болады. Негізінен, XX ғасыр бойындағы батысеуропалық зерттеушілердің еңбектерінде еуропалық ғылыми-техникалық

прогресстің Мысырға оң ықпалын зерттеу басымырақ болса, ресейлік шығыстанушылар тарапынан елдің еуропалық отарлық саясатқа қарсы ұлт-азаттық қозғалыстарына басымырақ танытылады. XXI ғасырдың басынан жалпы Шығыстың, оның ішінде, Мысыр тарихын зерттеу ісінде, адами капиталға, урбандалу үдерісіне, жаһандану мәселелеріне, гендерлік саясатқа қатысты зерттеулер кеңінен қарастырылуда. Мысырдағы урбандалу үдерісін зерттеп жүрген қазіргі кездегі ғалымдардың ішінен: Тулуза университетінің профессоры Мухаммад Салехтің [1], Жапондық зерттеуші Танада Хирофумидің [2], Техас технологиялық университетінің доценті Люсия Карминатидің [3], ресейлік

<sup>1</sup> Мухаммад Али (1769–1849) – 1805-1848 жылдар аралығындағы Мысыр билеушісі

зерттеушілер Ирина Абрамованың [4] және Жанна Петрунинаның [5] еңбектерін ерекшелеуге болады.

Ұсынылып отырған мақаланың хронологиялық шеңберіне байланысты, XIX ғасырдағы Мысыр еліндегі урбандалу үдерісін екі негізгі кезеңге: Мұхаммед Әлидің билігі кезеңіндегі реформалар барысындағы әлеуметтік-экономикалық және саяси дамудың көрінісі ретіндегі Каир және Александрия қалаларының өзгерісі және 1869 жылы іске қосылған Суэц каналы құрылысының аясында пайда болған Порт-Саид, Суэц, Исмаилия қалаларының пайда болуы және дамуы түрінде бөліп қарастырамыз.

*1. Мұхаммед Әли реформалары және Мысыр қалаларының дамуы*

*Бірінші кезең* – Мысыр мемлекеттілігінің негізін қалаған Мұхаммед Әли билігі кезеңімен сипатталады. XIX ғасырда қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық өмірінің барлық салаларын қамтыған Мұхаммед Әлидің жүргізген реформалары елдің қарқынды дамуының алғышарттарына айналды. Мұхаммед Әли жүргізген реформалар нәтижесінде мысырлық қоғам, патриархалдық ауыл шаруашылық өмір сүру деңгейінен өнеркәсіптік қалалық деңгейге өте бастады. Модернизациялық даму жолына түсуді таңдаған Мұхаммед Әли, елге шетел инвестициясын тартып, индустриалды революция жүргізуге талпыныс жасады. Мұхаммед Әли реформалары негізінде Мысыр губернаторлар басқаратын жеті провинцияға бөлінді, губернаторлар, орталықтандырылған мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын орталық Каирге бағынды [6, б. 83].

XIX ғасырда қалалардың дамуына үлкен ықпалын тигізген білім саласын жетілдіруге бағытталған реформалар және оқу орындарының ашылуы болды. 1816 жылы Каирда инженерлерді дайындайтын колледж, 1825 жылы медициналық колледж, 1833 жылы Шубрада – ауыл шаруашылық мамандарын дайындайтын колледж, 1834 жылы Булакта – химия және металлургия колледждері, 1836 жылы «Тіл мектебі» және ауыл шаруашылық колледжі «Набрух», 1837

жылы – өндіріс колледждері ашылды [7, б. 68] Оқу орындарының ашылуы Мысыр зиялы қауымының қалыптасуын және шетелден тартылған мамандардың үлесінің артуын туғызды.

Мысырдың ғылыми-техникалық прогреске деген бетбұрысына ат салысқан шетелден тартылған мамандардың ішінен: 1851-1853 жылдарда Александриядан Каир қаласына дейін, ал 1858 жылы Суэц қаласына дейін тартылған темір жол құрылысын салған ағылшын инженері Роберт Стефенсон, мысырлық әскерді еуропалық үлгіде жасақтауға үлесін қосқан француз Джозеф Антельм Севез (Сүлеймен-паша әл-Франсауи), Мысырдағы тырысқақ эпидемиясының өршуіне жол бермей күрескен, 1856 жылы медициналық колледждің негізін салған француздық Антуан Бартелеми Клот-бей, кеме жасау инженері Лефевр де Серизи, Булакта Мысырлық мұражайдың негізін қалаған Франсуа Огюст Фердинан (Мариет-паша), Мысыр көпірлері мен жолдарының инженері Эжен Мужель сияқты тұлғаларды атап өту маңызды.

Еуропалық прогресс идеясының ықпалымен жүргізілген білім саласындағы түбегейлі өзгерістердің нәтижесінде, аталған оқу орындарында білім алған мысырлықтар мемлекеттік сектордағы қызметтерге кеңінен тартыла бастады. XIX ғасырда мемлекеттік әкімшілікке тартылған адамдардың үлесі 7 пайызға артты. Мысыр қалаларында білім алу және жұмыспен қамтуға мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, қалаларда «эфендия» деп аталған орта тап пайда болды.

Өндіріс орындарының ашылуы, өнеркәсіптің дамуы және сыртқы сауданың жандануы нәтижесінде Мысыр қалалары жедел қарқында дами бастады. XIX ғасырда, Бәни – Суэйф қаласында: Ал-Фашн, Магага, Матай, Минья, Абу Каркас, Шейх Фазл, Самалут, Бени-Мезар, Асьютте: Равза, Кенада: Забия, Арманат, Мутаана, Эль-Файюмде: Санурас, Абу Касах қант зауыттары салынды [8, б. 114]. Ат-Тарабиш тоқыма фабрикасы, Кальюбияда кірпіш шығаратын зауыт, Александрияда тері өңдейтін зауыт, Булакта қағаз және шыны жасайтын зауыттар ашылды.

Елде тоқыма өндірісінің дамуына басты назар аударылып, нәтижесінде мақта – маталарды өндіру бойынша фабрикалар салынып, іске қосылды, Хараншиф, Булак, Шибин, Калюбия, Мансур, Думят, Даманхурс қалаларында жібек (1817), жүн (1818), мақта (1837) фабрикалары іске қосылды [7, б. 74].

Соныменқатар, 1852 жылы ағылшындардың Каир қаласынан Суэцке бастайтын темір жол құрылысын бастауы қалалардың дамуына ерекше мән берді. Елді мекендерді байланыстырған темір жол бойындағы қалалар әлеуметтік- экономикалық тұрғыдан жаңа серпінге ие болды.

Хедив Исмаил<sup>2</sup> кезеңінде Каир және Александрияны еуропалық үлгідегі қалаларға айналдыруға басты назар аударылды. 1873 жылы 350 мың тұрғыны бар Каирде көшелер кеңейтіліп, жаңа аудандардың құрылысы басталды. Каир қаласында: Абидин, Гиза, Булак, Хелуан және Аббасия зәулім сарайлары салынды. 212 мың тұрғыны бар Александрия қаласында да көркейту жұмыстары жүргізіліп, Александрия қаласында Каср ан-Нил, Мусафирхана сарайлары тұрғызылды [8, б.116]. Александрия қаласы қаржы және мақта өнеркәсібінің сауда орталығына айналды.

Мысырда жүргізілген 1848 және 1868 жылдардағы халық санағының мәліметтері бойынша, Каир қаласында 1848 жылы – 237,000 халық, ал Александрия қаласында 119,788 халық мекендеген [1, б.17], ал 1882 жылғы санақ мәліметтері бойынша, Каир қаласында 374,838, Александрия қаласында 227,064 халық мекендеген [2].

Сонымен қатар, серпінді урбандалу үдерісінің кері ықпалын да ерекшелееу қажет. Мысырдың басты қалаларының, атап айтқанда, Александрияның XIX ғасырда бастыстық үлгіде дамуға деген бетбұрысы елдің ағылшын отарына айналуының алғышарты ретінде қарастыруға болады. Александрияның сыртқы экономикаға бейімделуі, мәдени өмірінің еуропалық үлгіге бетбұрысы қаланы еуропалық

саясаттың ажырамас бөлігіне айналдырды. М. Реймер, «Александрия қаласы, Мысыр елі Британдықтарға тәуелді елге айналғанға дейін отарлық саясаттың орталығына айналған», деп санайды [9, б. 533]. Александрияда еуропалық жұмысшы-мигранттар жергілікті жұмысшылармен салыстырғанда табысы жоғары болып, Мысырлық салық және сот төрелігіне бағынбады. Осман империясы, Мысыр басшылары тарапынан еуропалық державалармен жасалған капитуляциялық режимдер, келісім-шарттар нәтижесінде, Александрияда тұратын еуропалықтар дербес заң мәртебесіне ие болды.

*Суэц каналы құрылысы барысында Мысыр қалаларының дамуы.*

*Екінші кезең* – Суэц каналының құрылысынан бастау алып, британдық отарлау кезеңіне дейінгі аралықты қамтиды (1855-1922). Канал құрылысына байланысты дамыған урбандалу үдерісі арқылы жағалауда жаңа қалалардың пайда болуымен қатар, бұрынғы елді мекендер жаңа даму қарқынына ие болды. Суэц каналының жағалауы порттар, жаңа қалалар, жұмысшы күштері шоғырланған ірі экономикалық аймақтардың пайда болуын тудырды [10, б. 39].

Суэц каналы жағалауында пайда болған және Мысыр үшін өнеркәсіптік, шаруашылық, көлік, сауда және мәдениет орталығына айналған орталықтардың ішінен: Порт Саид, Исмаилия, Порт-Фуад, Эл-Кантара, Суэц, Порт-Тауфик қалаларын атауға болады.

«Суэц», «Исмаилия», «Эл-Аббасия», «Фарук» сияқты төрт тұщы су арналарының құрылысы, шөлейт мекендерде жаңа қалалардың дамуына септігін тигізді. Қалалар құрылысы шеңберінде мыңдаған адамдар жұмыспен қамтылып, Мысыр елін батыстан шығысқа және шығыстан батысқа қарай жүзген кемелердің орталығына айналдырып, оның еуропалық және батыстық өркениеттерді ұштастырушы буын ретіндегі рөлін арттырды.

<sup>2</sup> Исмаил-паша (1830–1895) – Мухаммада Алидің немересі. 1862 жылы 32 жасында билікке келген. 1867 жылы 8 маусым күні Осман империясының сұлтаны Абдулазиз Исмаилға «хедив» титулын сыйға тартқан.

Суэц каналымен қатар пайда болған маңызды қалалардың бірі Порт-Саид, 1859 жылы Суэц каналының инфрақұрылымының бөлігі ретінде салынған. Бастапқы кезеңде қала құрылысы үшін қажетті құрылыс материалдарының тапшылығы салдарынан, материалдар Еуропадан және Түркиядан тасымалданып отырды. Ағаштар Триест, Далмация қалаларынан тасымалданып, көмір Британиядан, темір және мыс Франциядан әкелінген.

Порт-Саид қаласында 1862 жылы 16000 тұрғындар мекендеп, 150 тұрғын үй, бір кірпіш зауыты және 30 мың шаршы метр аумағындағы Суэц каналы компаниясының шеберханалары орналасқан болса, 1882 жылғы санақ бойынша қала тұрғындарының саны 16560 тұрғындарға көбейген [2].

XIX бастап Порт-Саид балық шаруашылығының, химия, тоқыма және тамақ өнеркәсібінің орталығына, ірі теңіз шипажайына айналды. Аталған қала арқылы мысырлық күріш және мақта экспортқа шығарылады, Порт-Саид елдің шаруашылық-экономикалық құрылымында маңызды орын алатын әкімшілік орталыққа айналды.

Суэц каналы компаниясы әкімшілігінде 1856 жылға дейін негізінен шетел жұмысшылары қызмет атқарды. Осыған байланысты Порт-Саидтың тұрғындарының басым бөлігін шетел азаматтары құраған. 1886 жылы қалада 2000 немістер, 2000 француздар, 3000 италяндықтар, 2000 ағылшындар, 3000 гректер мекендеген. [11]

Суэц каналының сағасында орналасқан ірі қаланың бірі – Исмаилия. Исмаил-пашаның құрметіне аталған қаланың негізін 1863 жылы француздық инженер, дипломат, Суэц каналының бас инженері Фердинанд де Лессепс қалаған. Бастапқыда қаланың басты міндеті – Тимсах өзені жағалауындағы Суэц каналының тармағын салушы құрылысшыларды қамтамасыз ету болды.

Исмаилия қаласы кейіннен Мысырдың теле және радио зауыттары, машина құрылысы және химия өнеркәсібінің өнеркәсіп орталығына, Суэц каналы компаниясының әкімшілігінің штаб-пәтеріне айналды. Исмаилия замануи Мысырдың саяси

тарихында да ерекше орынға ие. «Мұсылман бауырлар» қозғалысының негізін қалаушы Хасан әл-Баннаның отаны болып табылады. Осыған орай, Исмаилия қаласы Мысырдағы саяси, мәдени және рухани үдерістерде басты рөлді атқарады деп айрықшалауға болады.

Исмаилия және Порт-Саидпен қатар, Суэц каналының жағалауында дамыған қалалардың бірі Суэц болып табылады. Канал құрылысының бастапқы кезеңінде инженер Фердинанд де Лессепс: «Суэц мойнағы шөлейт жерде орналасқан. Онда бар жоғы 2-3 адам мекендейді. Олардың тұрмыс жағдайлары нашар, су тапшы. Суэц каналының құрылысы арқылы олар ауыз су және тұрақты табысқа қол жеткізеді» [12, б. 25], -деген жазбасынан қаланың дамуындағы каналдың ықпалының үлкен екенін аңғарамыз.

Порт – Саид және Исмаилия қалаларының тарихы Суэц каналымен тығыз байланыста болса, Суэц қаласы ғасырлық тарихы бар қала. Суэц қаласының орнында ежелгі кезеңде Cleopatra немесе Arsinoe елді мекені болған. Фатимидтер халифаты кезеңінде Қызыл теңіздегі мысырлық басты порт Кулзум қаласы орналасты. Омейядтар кезеңінде Суэц, Александрия қаласымен қатар кеме жасау орталығына айналады. VII ғасырда Суэц, Қызыл теңіз және Нілді жалғастырушы маңызды сауда порты ретінде мәлім.

Осман империясының билігі кезеңінде Суэц XVI ғасырдан бастап түріктердің әскери-теңіз базасына және Осман империясының әскерлерінің Үнді мұхитына шығуына мүмкіндік беретін, сонымен қатар, мемлекетаралық саудаға бақылау жасауға ыңғайлы стратегиялық маңызы бар портқа айналған. Сұлтан Селим II билігі кезеңінде Суэц әскери-теңіз базасы ресми түрде «Үнді базасы» деген мәртебеге ие болуының өзі, қаланың Осман империясының әскери-саяси және стратегиялық мүдделеріндегі орнын айқындайды.

XIX ғасырда Мысырдағы өз ұстанымдарын нығайтуға бағытталған ағылшын-француз қайшылықтары кезеңінде Суэц ерекше мәнге ие болды. Екі еуропалық державалардың коммуникациялық тораптарды салуға бағытталған теке-тіресінің нәтижесінде,

Суэц қаласы Мысырдың маңызды саяси, экономикалық және мәдени орталықтарымен байланысты. Атап айтқанда, 1858 жылы Суэц қаласы және Каир қаласы арасында 125 км темір жол желісі іске қосылды. Жобаның іске қосылуы нәтижесінде өндірістің жаңа салалары қарқынды дамыды. Шетел коммерциялық өнеркәсіптерінің ашылуы, қалаға шетелдік жұмысшылардың ағыны, қала құрылысының кеңеюінің және тұрғындардың санының артуының алғышартына айналды [13. С. 29]

Қазіргі кездегі жарты миллион халқы бар Суэц қаласы әкімшілік орталық және Суэц каналы жағалауындағы Мысырдың маңызды көлік-тасымалдау және өнеркәсіптік-сауда орталығы болып табылады. Порт-Ибрагим және Порт-Тауфик екі айлағына ие Суэц қаласы Қызыл теңіздегі Мысырдың басты теңіз порты ретінде саналады. Қала темір жол желілері және автомобиль жолы арқылы Каир және Порт-Саид қалаларымен жалғастырылған.

Суэц каналы жобасының іске қосылуы арқасында Мысырда, әлемдік экономиканың заманауи дамуындағы басты фактор болып табылатын еркін сауда аймақтары пайда болды. 1975 жылы негізі қаланған сегіз арнайы экономикалық аймақтардың екеуі Суэц каналының жағалауында құрылған Порт-Саид және Суэц қалалары.

Жоғарыда айтылып өткендей, Суэц каналының жағалауында қалалардың өсу үрдісі каналдың құрылысына тартылған жұмысшы күштерінің ішкі және сыртқы көші-қон үдерісінің нәтижесі болды. Мәліметтер бойынша, 1848 жылдан 1882 жылға дейінгі аралықтағы Суэц каналы жанындағы қалалардың тұрғындарының саны 4162 адамнан 10559 адамға өскен [13, б. 29]. 1836 жылы Мысырдағы шетелдіктердің саны 3000 болса, 1878 жылы 68000 адамға өскен. Олар, негізінен, Каир, Александрия, Порт-Саид қалаларын мекендеген. Ал-Исави, осы аралықтағы Мысырды мекендеген шетелдіктердің санын 222000 ретінде көрсетеді және олардың 28 пайызының Порт-Саидқа шоғырланғаны туралы жазады [14, б. 108].

Еуропалықтардың елге қоныс тебуі Мысырдың архитектуралық құрылысының дамуына үлкен септігін тигізгенін ерекше атауға болады. Еуропалық архитекторлар, құрылысшылар Александрия қаласының қайта құрылысына үлкен үлесін қосып, Каир, Порт-Саид, Исмаилия және Суэц қалаларында еуропалық озық үлгідегі құрылыстардың бастамашысы болғанын айта кету маңызды. Осының жарқын дәлелі ретінде Порт-Саид қаласындағы Клементе Бусири Вичидің «Итальяндық үй» (Casa d' Italia) архитектуралық ғимаратының салынуы болды. [15, б. 206].

Суэц каналының және XIX ғасырда Мысырда жүргізілген реформалардың модернизациялық ықпалы нәтижесінде Мысырда жаңа үлгідегі агломерациялар қалыптасты. Бірқатар елді мекендердің көлік инфрақұрылымдарымен тығыз байланысы ретіндегі агломерациялардың XIX ғасырда Мысырда пайда болуы – революциялық оқиға, еңбек ресурстарын шоғырландырған, патриархалды даму кезеңінен индустриалды дамуға жасалған қадам болды. Жаңа қалалардың құрылысы, Мысырдың халқы тығыз орналасқан байырғы қалалары – Каир және Александрия қалаларындағы демографиялық ауыртпалықтарды жеңілдетуге септігін тигізді.

Жалпы мақаланы қорытындылай келе, Мұхаммед Әли және оның мұрагерлері XIX ғасырда Мысырда жүргізген модернизациялық сипаттағы түбегейлі өзгерістер, елдің еуропалық ғылыми-прогресс үрдістеріне деген бетбұрысы және Суэц каналының іске қосылуы, қалалардың қарқынды дамуын туғызып, ол өз кезегінде әлеуметтік-экономикалық үдерістерге оң ықпалын бергенін тұжырымдаймыз. Еуропалық мемлекеттердің басты саяси мүдделері отарлау саясатын жүргізу болғандығы тарихи шындық, дегенмен, мысырлық ғылымның, білімнің және қала құрылыстарының дамуында оң ықпалы бары сөзсіз. Эдуард Саид айқындағанындай: «Суэц каналы Шығыстың ғасырлық экзотизмін, Батыстан алшақтығын жойды. Жер бетіндегі географиялық кедергілерді су артериясына айналдырған

сияқты Шығыс қарсыласқа бағынышты, борышкер әріптеске айналды» [16, б. 84]

Адамзат тарихының кезеңдеріндегі жаңа қалалар мен елді мекендердің пайда болуы мен дамуының негізгі факторлары ретінде – инновациялар, техникалық прогресс және осылардан туындайтын әлеуметтік-экономикалық үдерістерді көрсетуге болады. XIX ғасырдағы урбандалу үдерісі елдің орналасқан геосаяси жағдайына, ресурстық әлеуетіне, көлік дәліздерінің және

қатынастарының болуына тікелей байланыста өрбіді. Осы орайда, Суэц каналы бір жағынан, Мысырдың табиғи байлықтарының ажырамас бөлігі болып табылса, екінші жағынан, канал арнасында орналасқан елді мекендерге дамудың жаңа көкжиегін ұсынған әлемдік маңызы бар инновациялық жоба. Мысырлық феллахтарды жұмыспен қамтыған, олардың дүниетанымын, өмір сүру салтын өзгерткен, Еуропа мен Шығыстық өмірлік ұстанымдарын ұштастырған прогресс көрінісі.

### Әдебиеттер тізімі

1. Mohamed Saleh A Pre-Colonial Population Brought to Light: Digitization of the Nineteenth Century Egyptian Censuses// Historical Methods: A Journal of Quantitative and Interdisciplinary History. -2013. -Vol. 46 (1). -P. 5-18.

2. Tanada, Hirofumi. Demographic Change in Rural Egypt, 1882-1917: Population of Mudiriya, Markaz and Madina. – Institute of Economic Research, Hitotsubashi University. [Электрон. ресурсы] -1998. -URL:[http://www.ier.hit.ac.jp/COE/Japanese/discussionpapers/DP97.22/97\\_22.html](http://www.ier.hit.ac.jp/COE/Japanese/discussionpapers/DP97.22/97_22.html)

3. Lucia Carminati Port Said and Ismailia as Desert Marvels: Delusion and Frustration on the Isthmus of Suez, 1859-1869 // Journal of Urban History. -2020. -№ 46 (3). -P. 1-26.

4. Абрамова И.О. Социально-экономические особенности африканской урбанизации (на примере Египта) // Проблемы современной экономики. – 2009. – № 3 (31). – С. 118-123.

5. Петрунина Ж. В. «Столица мусульманского мира»: развитие Каира в XIX веке // Научно-методический электронный журнал «Концепт». -2016. -Т. 15. -С. 546–550. – URL: <http://e-koncept.ru/2016/96015.htm>.

6. Турекулова Ж.Е. Роль Мухаммада Али в становлении Египетской государственности // O'zbekiston tarixi. – 2017. – № 1. – С. 79-87.

7. عبد العزيز عمر. دراسات في تاريخ مصر الحديث و المعاصر (1517–1952). – الإسكندرية: دار المعرفة الجامعية، 1997. – 547 ص.

8. عبد الرحمن الراجعي. عصر إسماعيل. – الجزء الأول. – القاهرة: دار المعارف. الطبعة الرابعة، 1978 م. 307– 3 ص.

9. Michael J. Reimer, Colonial Bridgehead: Social and Special Change in Alexandria, 1850–1882// International Journal of Middle East Studies. – 1988. – № 20 ( 4). – P 531 - 539.

10. Piquet C. La compagnie universelle du canal maritime de Suez en Egypte: concession rime-t-elle avec colonisation ou modernisation?//Enterprises et Histoire. – Vol. 4 – Paris, 2002. – № 31. – P. 38 – 53.

11. Huber V Cosmopolitanism on the Move: Port Said around 1900. [Электрон. ресурсы] -2017. -URL: <https://globalurbanhistory.com/2017/06/20/cosmopolitanism-on-the-move-port-said-around-1900/#more-3385>

12. Lesseps F. The Suez canal. Letters and documents descriptive of its rise and progress in 1854-1856. – London: King, 1876. –311 p.

13. Густерин П.В. Города Арабского Востока. – Москва: Восток – Запад, 2007. – 352 с.

14. Issawi Ch. P Economic Change and Urbanization in the Middle East// Middle Eastern cities. – Berkeley: University of California Press, 1969. -P.102-121.

15. Нестерова Т.П. «Средиземноморская идентичность»: Культура и архитектура Италии в странах Северной Африки в 1920–1930гг.//Известия Уральского государственного университета. – Екатеринбург, 2010. -№ 2(75). -С.199-210.

16. Саид Э.У. Ориентализм. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 328 б.

## References

1. Mohamed Saleh A Pre-Colonial Population Brought to Light: Digitization of the Nineteenth Century Egyptian Censuses, *Historical Methods: A Journal of Quantitative and Interdisciplinary History*, 46(1), 5-18(2013).
2. Tanada, Hirofumi. Demographic Change in Rural Egypt, 1882-1917: Population of Mudiriya, Markaz and Madina. Available at: [http://www.ier.hit.ac.jp/COE/Japanese/discussionpapers/DP97.22/97\\_22.html](http://www.ier.hit.ac.jp/COE/Japanese/discussionpapers/DP97.22/97_22.html)
3. Lucia Carminati Port Said and Ismailia as Desert Marvels: Delusion and Frustration on the Isthmus of Suez, 1859-1869, *Journal of Urban History*, 46(3), 1-26(2020).
4. Abramova I.O. Social'no-ekonomicheskie osobennosti afrikanskoj urbanizacii (na primere Egipta) [ Socio-economic features of African urbanization (on the example of Egypt)], *Problemy sovremennoj ekonomiki*[Problems of modern economics], 31(3), 118-123(2009).
5. Petrunina ZH.V. «Stolica musul'manskogo mira»: razvitie Kaira v XIX veke[«The capital of the Muslim world»: the development of Cairo in the XIX century], *Nauchno-metodicheskij elektronnyj zhurnal «Koncept»*[ Scientific and methodological electronic journal «Concept»], 15, 546–550(2016). Available at: <http://e-koncept.ru/2016/96015.htm>.
6. Turekulova ZH.E. Rol' Muhammada Ali v stanovlenii Egipetskoj gosudarstvennosti[The role of Muhammad Ali in the formation of Egyptian statehood], *O'zbekiston tarixi*, № 1, 79-87(2017).
7. Abd ar Rahman Rafii. The era of Ismail. - Part one. - Cairo. Dar al-maarif, 1978. 307 p.
8. Abdul Aziz Omar. Studies in the modern and recent history of Egypt (1517-1952). (Alexandria, 1997, 547 p.).
9. Michael J. Reimer, Colonial Bridgehead: Social and Special Change in Alexandria, 1850–1882, *International Journal of Middle East Studies*, 20( 4), 531-539(1988).
10. Piquet C. La compagnie universelle du canal maritime de Suez en Egypte: concession rime-t-elle aves colonisation ou modernisation?, *Enterprises et Histoire*, Paris. 4(31), 38-53(2002).
11. Huber V Cosmopolitanism on the Move: Port Said around 1900 [Electr. resource] <https://globalurbanhistory.com/2017/06/20/cosmopolitanism-on-the-move-port-said-around-1900/#more-3385>
12. Lesseps F. The Suez canal. Letters and dokuments descriptive of its rise and progress in 1854-1856. (King, London, 1876, 311 p.).
13. Gusterin P.V. Goroda Arabskogo Vostoka[Cities of the Arab East] (Vostok- Zapad, Moscow, 2007, 352 p.).
14. Issawi Ch. P Economic Change and Urbanization in the Middle East// Middle Eastern cities.(University of California Press, Berkeley, 1969, 102 –121).
15. Nesterova T. P. «Sredizemnomorskaya identichnost'»: Kul'tura i arhitektura Italii v stranah Severnoj Afriki v 1920 –1930gg.[«Mediterranean Identity»: Culture and Architecture of Italy in the Countries of North Africa in 1920-1930], *Izvestiya Ural'skogo gosudarstvennogo universiteta*[News of the Ural State University]. Ekaterinburg, 75(2), 199 – 210(2010).
16. Said E.U. Orientalizm («Ultyk audarma byurosy» kogamdyk kory, Almaty, 2019, 328 p.).

**Ж.Е. Турекулова, М.У. Жумабеков**

*Южно-Казахстанский университет им. М. Ауезова, Шымкент, Казахстан*

### История и тенденции развития городов Египта в XIX веке

**Аннотация:** Египет всегда привлекал внимание исследователей как один из древнейших очагов цивилизации, его изучению посвящено множество исторических, географических, культурологических и религиозных работ. Учитывая тот факт, что Арабская Республика Египет занимает лидирующие позиции в современном Арабском Востоке больше внимание в историко-культурных следованиях уделяется проблемам становления Египта, истории ее политических, социально-экономических, культурных, литературных и религиозных движений нового и новейшего времени. Однако, процессы урбанизации

Египта на сегодняшний день находятся на периферии социокультурных исследований, должного внимания им не уделяется. Условной точкой отсчета урбанизации можно считать начало XIX века и реформы Мухаммада Али, а также строительства Суэцкого канала.

В научной статье проведена прямая взаимосвязь между строительством Суэцкого канала и процессами европеизации страны, запущенными Мухаммадом Али и его преемниками. Детальному анализу подверглось создание по европейский крупных городов, толчок к развитию которых дало строительство Суэцкого канала.

**Ключевые слова:** Египет, XIX век, модернизация, урбанизация, Суэцкий канал, социально-экономическое развитие, миграционные процессы, демография

**Zh.E. Turekulova, M.U. Zhumabekov**

*M. Auezov South Kazakhstan University*

### **History and development trends of Egyptian cities in the 19th century**

**Abstract:** Egypt has always attracted the attention of researchers as one of the oldest centers of civilization; many historical, geographical, cultural and religious studies have been devoted to its study. Taking into account the fact that the Arab Republic of Egypt occupies a leading position in the modern Arab East, more attention in historical and cultural studies is paid to the problems of the formation of Egypt, the history of its political, socio-economic, cultural, literary and religious movements of modern and modern times. However, the processes of urbanization in Egypt today are on the periphery of sociocultural research, they are not given due attention. The beginning of the 19th century and the reforms of Muhammad Ali, as well as the construction of the Suez Canal, can be considered a conventional starting point for urbanization.

The scientific article shows a direct relationship between the construction of the Suez Canal and the processes of Europeanization of the country launched by Muhammad Ali and his successors. The creation of large European cities, the impetus for the development of which was given by the construction of the Suez Canal, was subjected to a detailed analysis.

**Key words:** Egypt, 19th century, modernization, urbanization, Suez Canal, socio-economic development, migration processes, demography

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

**Турекулова Ж.Е.** – PhD, «Философия және мәдениеттану» кафедрасының доценті, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Тәуке-хан даңғ. 5, Шымкент, Қазақстан.

**Жұмабеков М.У.** – тарих ғылымдарының кандидаты, «Философия және мәдениеттану» кафедрасының доценті, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Тәуке-хан даңғ. 5, Шымкент, Қазақстан.

**Turekulova Zh.E.** – PhD Doctor, Associate Professor of the Department «Philosophy and Cultural Studies», M. Auezov South Kazakhstan University, Tauke-khan Prospect, 5, Shymkent, Kazakhstan.

**Zhumabekov M.U.** – candidate of historical sciences, associate professor of the Department «Philosophy and Cultural Studies», M. Auezov South Kazakhstan University, Tauke-khan Prospect, 5, Shymkent, Kazakhstan.